Еңбек ресурстары қозғалысының әлеуметтік-экономикалық бет алыстары. Ғаламдық БЕН-ның қалыптасуында төмендегідей қатысушылар белсенді рөл атқарды: іс-жүзінде осы нарықтың құрылудың бастамашысы болған трансұлттық корпорациялар (ТҰК); біліктілігі жоғары қызметкерлерді тартуда бір-бірімен бәсекелескен ұлттық мемлекеттер; білім беру және біліктілік стандарттарын бірынғайлауды жүргізіп отырған мемлекеттердің аймақтық бірлестіктері; халықаралық келісімдер мен ұйымдар, мысалы, соңғы уақыттары белсенділігі қүшейіп бара жатқан БСҰ, БҰҰ, ХҚҚҰ, ХЕҰ сияқты ұйымдар ХВҚ, ХБ даму агенттері және басқалары ғаламдық БЕН-ның әрекетінің теріс салдарларын жоюға және оның беріп отыған артықшылықтарын пайдалануға жәрдемдесетін әрқилы бағдарламалар жасалуда. Соңғы кездері осы нарыққа шығу және өз ұлттық даму мақсаттары үшін ең үлкен артықшылықтарды алу стратегиясын жасап жатқан білікті жұмыс күшін экспорттаушы елдер белсенді рөл атқара бастады[10,63].

Оның үстіне, қуатты адам ағындары жолындағы ұлттық құқықтық тәртіптің және халықаралық нормалардың шектеулері мен тыйымдары түріндегі кедергілерді женуге мүмкіндік беретін, шығу және келу елдерін байланыстыратын мигранттардың әлеуметтік тораптары қалыптасты [10,59].

БЕН қалыптастырудағы БСҰ-ның рөлі оның білікті мигранттардың қоныс ауыстыруларын реттеуде келешекте ең тиімді болуы мүмкін әдістерді көрсетуінде болып отыр. БСҰ-ның ағымдағы раундында қызмет көрсетудің төртінші әдісі деп аталатынды қарауы ғаламдық еңбек нарығы шенберінде халықаралық жылжымалылықты көбейту бағытындағы аса сенімді, бірақ шектелген қадам болып отыр. Қызмет көрсетудің бұл түрін БСҰ келісімнің қатысушысы болған қандай да бір елдің қызмет ұсынушысының сол елдің жеке тұлғаларының келісімнің қатысушысы болған басқа бір елдің аумағында коммерциялық қатысуы арқылы қызмет көрсетуі ретінде анықталады («жеке тұлғалардың орын ауыстыруы»). Қызмет көрсететін кез келген тұлға «қызмет ұсынушы» деп есептелетіндіктен, мұндай жеке тұлғаларға қызмет көрсетуші дербес кәсіпкерлерді де, қызмет ұсынушы компаниялардың қызметкерлерін де жатқызуға болады. БСҰ «жеке қызмет көрсететін жеке тұлғалардың уақытша орын ауыстырулары» үшін қолайлырақ жағдайларды жасауды жоспарлап отыр. Басқа үш әдісіне енетіндер:

I режим – «халықаралық жеткізулер» (қызмет импорты);

II режим – «шетелдегі тұтыну» (туризм және шетелде оқу);

III режим – «коммерциялық қатысу» (шетелдік бөлімшелер арқылы қызмет көрсету). Қызмет көрсету саудасының 25 % жуығы «халықаралық жеткізулерге»; 20 % - «шетелдегі тұтынуға»; 50 % - «коммерциялық қатысуға» тиесілі болады. «Қызмет көрсететін жеке тұлғалардың уақытша орын ауыстыруларына» (IV режим) қызмет көрсету саудасының 1 %-дан сәл артығырағы тиесілі болады. Бірқатар жағдайларда бір қызмет түрін көрсету жеткізудің әрқылы әдістерімен ізбе-із жүзеге асырылуы мүмкін. Айтальық, тіпті бір контрактінің шенберіндегі консультациялық қызмет көрсету алдымен трансшекаралық түрде, кейін – консультанттың тапсырыс берушігে баруы, ен соңында – тапсырыс берушінің консультантқа баруы түрінде жүзеге асуы мүмкін. БЕН қалыптасуының тағы бір факторы ұлттық мемлекеттердің мамандарды тарту үшін өзара бәсекеге түсугі. Дамыған елдер, әдетте, ақпараттық технологияларға байланысты кейбір секторларда (Франция, Германия, Голландия, Ирландия, Канада, Австралия, АҚШ, Дания) және денсаулық сақтау саласында (АҚШ, Ұлыбритания, Норвегия, Дания, Ирландия, Голландия) жоғары білікті мамандарды тарту үшін өзара жиі бәсекелестікке түсебастады[11,19].

Тұластай алғанда, шетелдік білікті жұмыс күшін тарту үшін үкіметтер пайдаланатын мына механизмдерді бөліп көрсетуге болады:

1. жоғары білікті мигрантарды тарту үшін пайдаланылатын Германиядағы «жасыл карталар» және АҚШ-тағы H-1B, H-1C визалары тәрізді арнайы схемалар; Канада мен Австралияның жоғары білікті жұмысшылардың уақытша және тұрақты миграциясы бағдарламалары; Ұлыбританияның жоғары білікті мигрантарға арналған бағдарламасы.

2. шетел жұмысшыларының еңбек нарығына тез енүін қамтамасыз ету мақсатында жұмысқа рұқсат алу процедурасын қарапайымдау немесе одан толық азат ету.

3. Табысы жоғары шетел жұмысшыларына салынатын салықтың салмағын жеңілдету үшін жасалған салықтық ынталандырулар (мысалы, Скандинавия елдерінде). Жоғары білікті жұмысшыларды және шетелдік қаржы салымдарын тарту үшін қолданылатын дербес салықтық ынталандырулар көптеген елдерде бірнеше жылдардан бері бар (Дания, Голландия).

4. Бұрын елде жұмыс істеп кеткен жоғары білікті эмигранттардың елге қайтуын қолдау (мысалы, Ирландия)[11,22].

Елдер Реттеудің тәсілдері Германия «Жасыл карта» Білікті мамандардың келуін жоғарлату АҚШ H – 1B, H-1C визалары Шектелген келулер Канада, Австралия Уақытша және тұрақты көшіп-қону бағдарламасы Таңдау жоғары кәсіпті жұмысшылар жағында Ұлыбритания Жеңілдетілген немесе босатылған процедурасы бойынша жұмысқа орналасу Тек қана жоғары кәсіпті мамандар үшін Скандинавиялық елдер Салық қызықтырулары Салық мөлшерлерінің азаюы Дания Голландия Жекелеген табыстың жоғары өсүі Бірнеше мамандықтарды тандауы Ирландия Келушілерді

маралаттау Табыстың экономикалық өсуі Қытай «Сыртқа кету» стратегиясы Шетелге оқуға қызықтырулар Жапония Елдің ішінде оқыту Көшіп-қонудағы тұрақтылық Қазақстан Оралмандарды тарту Жоғары мамандарды елге шақыру және оралмандарды елге қайтару [11,14].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз, өзгерістер мен толықтырулар 07.10.1998 ж., 21.05.2007 ж. // АҚЖ «Юрист».
- 2 «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі N 477 IV Заңы. <http://adilet.zan.kz/>//
- 3 «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24«2001 – 2010 жылға арналған салалық бағдарлама» ҚР-сы Үкіметімен 29 казан 2001жылы № 1371 Қаулысымен бекітілген; <http://adilet.zakon.kz/>//
- 4 И.Цапенко. «Экономикалық миграцияның ренессансы батыста.- Алматы: Атамекен, 2002.-5с.
- 5 Р.Билсборроу, Г.Хьюго, А.Оберай, Х.злотник. Халықаралық миграцияның санақ.- Алматы: Атажүрт, 2010.-15с.
- 6 М.Б.Денисенко. Халықаралық миграция және қазіргі әлем, шығарылым журнал. – Алматы: Еламан, 2006.-18с.
- 7 В.А.Ионцев Халықаралық халықтардың көші-қон: зерттеуді теория және тарих. - Алматы: Жеті жарғы, 1999.-145с.
- 8 Н.Ә. Назарбаев Құшағымыз бауырларға айқара ашық//Дүниеузі қазақтарының құрылтайы. - Алматы: Жеті жарғы, 1993.-8 с.
- 9 Р.Е. Елемесова Международные отношения: Қазақ университетті, –Алматы: Қазақ Университеті, 2001.- 65с.
- 10 И.И.Лукашук «Международное право» (Особенная часть). М., Издательство «Бек», 1998.- 58с.
- 11 М.А. Сарсембаев Международное право. Общая часть. - Алматы: Данекер, 1999.- 19с.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы нелегальной миграции, ее виды и систематизация, в том числе вопросы внутренней и внешней миграции в Казахстане. Для достижения положительных изменений в демографической ситуации в стране приоритет отдается миграции, а стимулирование природных ресурсов является одним из основных направлений государственной демографической политики.

Summary

The author of the article discusses the issues of illegal migration, its types and systematization including issues of the internal and external migration in Kazakhstan. In order to achieve the positive changes in the demographic situation in the country the priority is given to migration. However, the promotion of natural resources is one of the main directions of the state demographic policy.

ЖОГАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ МАЗМУНДЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ МОДЕЛІ

Есенов А.,
Қайнар Академиясының 2-курс магистранты

Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларының оқырмандық қабілетін дамытуудың мазмұндық-құрылымдық моделіне арналған. Қорыта айтқанда, жоғарғы сынып оқушыларының оқырмандық қабілетін дамыта отырып, әдеби білім беру ісі, тұстастай алғанда, олардың адамгершілік сапалары мен эстетикалық таным-талғамын, қоршаған ортага, өмірге шығармашылық көзқарасын, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ерекше әсер ететін аса қажетті де маңызды жұмыс болып табылады.

Түйін сөздер: оқушылар, оқырмандық қабілет, мазмұндық-құрылымдық модель, эстетикалық талғам.

Қазіргі заманғы мектептің негізгі міндеттерінің бірі оқушылардың біліктілігін, құзыреттілігін анықтайдын білімін, дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сондықтан әдебиет сабактарында кең көлемді эпикалық шығармаларды жоғары сыныптарда оқыту арқылы оқырманды сауатты оқуға тәрбиелеу қажеттілігі туындауда. Бұл мәселе оқушының эпикалық көркем шығармаларды талдау жұмысын жетік меңгергенде жүзеге асады. Әдебиет сабакында эпикалық шығармаларды талдаудағы ең басты мақсат – оқушылардың бойында оқырмандық қабілетті дамыту, оны ұдайы дамытып отыру, жан-жақты толықтыру.

Әдеби шығарманы, есіресе эпикалық туындыны талдауды игеру оқушы бойында мәтінмен жұмыс істей білу қабілетін қалыптастыруға жетелейді. Тәжірибелі әдіскер, жаңашыл мұғалімдердің, педагог және психолог ғалымдардың осы орайдағы ұсыныстарын, оқушы қабілетін дамытуға байланысты құнделікті мектеп тәжірибесінде жиі қолданылып жүрген әрқыл әдіс-тәсілдерді, өз байқауларымызды бағамдай келе, көркем мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы оқушы-оқырман қабілетін дамытуудың көбіне мына тұрғыда жүзеге асырылатынын аңғардық:

- Бұрын дағдыландырылған қабілеттің оқушы алдына қойылған жаңа міндетке сай болуы;
- Әдеби мәтінді талдау мақсатында таңдалып алған жұмыс түрінің оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келуі [1, Б. 96].

Әдеби шығарманы эмоциялық сезіммен, бар қасиет-құнарымен терең қабылдау оның барлық бөлшектерін өзара тығыз бірлікте алып қарастырғандаған нәтижелі болатыны белгілі. Мұның құнделікті сабакта шығарманы жанжақты талдау және оны жинақтау арқылы жүзеге асырылатын күрделі үдеріс екені даусыз мәселе.

Әдеби туындының көркемдік болмыс-бітімін барынша кеңінен қамти отырып талдаудың түрлері аз емес. Соған қарамай талдау түрлерінің барлығын бірдей оқырмандардың қызығушылығын, әдеби-эстетикалық даму деңгейін, жеке психологиялық ерекшеліктерін жетік білмей тұрып, түпкі нәтижені көздейтін белгілі бір мақсатқа бағындырмай, талғаусыз пайдалану мүмкін емес. Айтальық, жоғарғы сыныптардағы әдебиет курсы тарихи-әдебиеттік ұстанымға құрылғандықтан, көркем туындыны суретtelіп отырган кезеңнің тарихымен тығыз байланыста алып қарастыру керек. Онсыз жазушының тарихқа көзқарасын, өзі суреттеп отырган қоғамнан түйген әлеуметтікфилософиялық ой-пікірлерін, қоғам жөніндегі қаламгерлік тұжырымын айқын ажыратса алмайды, сонымен бірге, жазушы стиліне терең бойлай алмайды. Сол үшін жазушының адамтанушылық тұжырымдамасын, қоғамдық көзқарасын, шығарма идеясын, тарихи сипатын анықтауда талдаудың өзге түрлеріне қарағанда образды-тұжырымдамалық, не проблемалық талдаудың ұтымдылығын пайдаланған орынды.

Мектепте әдеби шығарманы талдаудағы басты мақсат – оқырмандықта тәрбиелуе болғандықтан, бұл үдеріс те талданатын шығарманы алуан түрлі әдістер аясында қарастыруды қажет етеді. Талдау түрлерінің көптігі де осыдан туындайды. Эйтсе де, әдебиеттанушылардың, педагог-психологтардың, әдіскер галымдардың, мектеп мұғалімдерінің эпикалық шығарманы талдау барысында жиірек жүгінетін бірнеше талдау әдістері бар. Бұған образдар бойынша талдау, проблемалы талдау, тұластай талдау, тақырыптық талдау және т.б. дәстүрлі әдістер мысал бола алады. Бұл әдістер оқырмандық қабілеті дамыған тұлға моделін құрауга да негіз бола алады.

Пән мұғалімі таңдал алған мақсатына орай осы әдістер ішінен өзі қолайлы деп тапқанын оқушылардың көркемдік қабылдауын терендету, оқырмандық қабілетін дамыту үшін қәдеге жаратады. Жоғарыда аталған әдістердің әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, артықшылықтары мен ұтымды жақтары бар. Мұғалім сабак үстінде бұл әдістердің қайсысы оңтайлы екендігін қалай анықтайады? Бұл жерде пән мұғалімі оқушы-оқырмандың сабак барысындағы психологиялық көңіл-күй әуеніне, психикалық тілектеріне, ең бастысы – оның қызығушылығына назар аударады. Мұнда мұғалім таңдал алған әдіс эпикалық шығарманы талдау барысында оқушының оқырмандық қабілетін жетелеуге, сол арқылы оның ойын дамытуға қызмет етуі қажет. Оқушының шығарма оқиғасына, жекелеген адам образдарына, көркем шығарманың өзге де бөлшектеріне қызығушылығын мұғалім бағамдап, жүйеге салуы, оны сабактың мақсатына сай бағыттап отыруы қажет. Өйткені, көркем мәтінді қызығушылықпен, эмоциямен қабылдау ғана көркемдік қабылдаудың терендеуіне септігін тигізеді [2, С. 15].

Әдіскер-галым Т.Ақшолақов: «...оқыту үдерісінде көбіне рационализм бар да, эмоционалдық көлеңкеде қалады. Осы екеуі оқыту үдерісінде қатар жүрмесе, әдебиет өзіндік ерекшелігінен, дүниетанымдық қасиетінен айырылады. Өнерлік сипатынан жүрдай болады», – дей келіп, көркем мәтінмен жұмыс жүргізуде оқушы бойындағы психикалық әрекеттерді де қоса дамытып отырмайынша әдеби білім беру мүмкін еместігін ерекше атайды [3, Б. 56]. Ұстаздың тиімді талдау әдісін таңдал алуы сабакта жүзеге асырсаң деген мақсатына және соған лайықталып, нақтыланып берілетін білім көлеміне тікелей байланысты болады.

Эпикалық шығарманы талдау үшін қандай әдіс таңдал алынса да, оқушы бойында сол әдісті жұмыс үстінде қолдана білу қабілетін қалыптастыру ісі қатар жүргізіліп отырады. Мәселен, сабактың мақсаты оқушылардың жазушы суреттеген өмірден алған әсерін байыту болған жағдайда, мұғалім оқушы бойында шығармадағы сөзбен салынған суретті, көркем картинканы елестете, көре білу сияқты аса күрделі қабілетті қалыптастыру үшін жұмыстанады. Сонымен қатар, шығарманың жекелеген немесе тұтас көріністерін, болмаса есінде қалған кез келген бір белгілі бөлшектерін елестету арқылы көру қабілетін дамыту бағытында жүйелі түрде тапсырмалар орындалады. Жазушы шығармашылық үдеріс үстінде суреттеп отырған объектісін соншалықты айқын көріп, өз кейіпкерлерінің тартыс үстіндегі қуанышы мен қайғысын өз басынан өткізіп отырғандай толғанысты жағдайда болды. Мұғалім міндеті – нақты ойластырылған тапсырмалар жүйесі арқылы оқушы-оқырмандарды да шығарма авторы бастан кешкен психологиялық көңіл күйге ортақтастыра білу, сол қүйді олардың да бастарынан қайталап өтетіндей болуы қажет.

Алайда, әдебиет сабактарында мәтіндермен жұмыс әдetteтте уақыттың жетіспеушілігіне байланысты үстірт түрде орындалады және ұсынылған мәтіндер бір-біріне өте ұқсас, бұл олардың бір бағдарлама аясында болғандығымен түсіндіріледі, демек, оларда ұқсас сипаттамалар болуы керек. Дегенмен, қазіргі заманғы мектеп оқушысы әртүрлі ақпаратпен қамтамасыз етілген, ол ақпараттар түрлі формада беріледі, белгілі бір дағдыға ие болмай балаға бағдар беру өте қыын. Осылан байланысты біз зерттеуімізде бүгінгі күні мектепте қазақ әдебиетін оқыту барысында оқушылардың оқырмандық әрекеті дағдыларын қалыптастырудың үдерістік моделін жүзеге асыру, яғни зерттеп отырған нысандарымыздың құрамды білімі мен ішкі байланыстарын ашу, оны оқыту үдерісінде қолдану міндеті туындағы. Сөйтіп, біз зерттеу жұмысымыздың бұл

бөлімінде эпикалық шығармаларды жоғары сыныптарда оқыту арқылы оқырмандық қабілетті дамытудың құрылымдық моделін ұсындық.

Алғаш рет «Модель» терминін философ, математик, физик әрі тіл маманы Н.Д. Молдавская енгізді. Ол Ресейде білім мен мемлекетті басқару жобасын жасауда, модельдің физикалық, математикалық түрлерін ұсынған. Педагогикада «модель» қоршаған дүние туралы білімнің қолайлы түрі, яғни арнайы мақсаттар үшін жасалған нысандардың ақпараттық балама түрі [4, С. 45]. Фалым, В.В. Краевскийдің пайымдауынша, «модельдеу – теориялық және тәжірибелік эксперименттік зерттеулердің біріктіретін педагогикалық ұдерістердің нақты жүйелейтін әдіс» болып табылады. Модельді кең мағынада (латын тілінде modulez – өлшем, шама, түр) арнайы жағдайларда зерттеушіні қызықтыратын түп нұсқасының ерекшеліктерін қайта шығаратын, ақиқат көріністерін ауыстыруыш деп түсінуге болады.

М.М.Рубинштейннің пікірінше, модель – бір заттың, құбылыстың арнайы ерекшеліктерін көрсететін, ол туралы белгілі, шектелген ақпарат беретін қысқартылған, жинақталған білім. Модель оқушының білімді менгеріп, өзінің өмірге қажеттіліктерінде, тәжірибе жүзінде қолдана алатын білім шамасы. Модельдеудің бейnelік, заттық, таңбалық түрлері қолданылып келеді. Бейnelік модельдеуде шынайы объектінің қасиеттері көрнекі ес пен ойлау арқылы елестетіледі. Заттық модельдеуде шынайы объектінің белгілі геометриялық, физикалық қажеттері өндіріледі. Таңбалық модельдеуде шынайы объектінің сипатын математикалық формула, кесте, графика арқылы беріп, үш мақсатта қолданылады:

- эвристикалық – жаңа зандар, теориялар тауып, жүйелеу;
- есептеу – модель көмегімен есептің өзекті мәселесі шешіледі;
- эксперименттік модель көмегімен ғылыми болжам дәлелденеді [5, С. 98].

Өйткені, осындаған дайындық жұмыстары арқылы оқушылардың бойында талдау түрін алдын ала білу, соған орай, көркемдік материалдарды іріктеі білу қабілеті менгеріледі. Мұғалім оқушыны оқырмандықта тәрбиелеу үшін шығарма талдаудың ең ұтымды үлгісін таңдайды. Мұндайда көбінесе оқушы оқырмандардың автор ойының даму логикасын, шығарма мазмұнының эволюциясын көре білүдеріне ерекше назар аударылады. Көркем шығарманың өн бойына желідей тартылған авторлық ойды оқушының қаншалықты дәрежеде түсінгендігі сұрақ-жауап әдісі арқылы байқалады, бақыланады.

Оқушылардың әдеби шығармадан алған алғашқы әсерлерін байқау жөнінде жүргізілген сұрақ-жауаптар, шығарма материалдарын іріктеу мен жіктеудің маңызы қаншалықты зор болғанымен, оқушы-оқырмандардың шығарманы жан-жақты қабылдауы, ол жөнінде ойлануы, ой қорыта білуі, туындының эстетикалық мәнін түсінуі ең бастысы – оқырмандық қабылдау қабілетінің артуына әлі де жеткіліксіз болады. Сол себепті де зерттеу барысында оқушылардың оқырмандық қабілетін дамытудың сандық және сапалық жақтарын анықтайтын құрылымдық-мазмұндық моделін, оның компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі мектеп оқушыларының көркем әдебиетке деген қызығушылығының тәмендеуі қоғамдағы ең күрделі мәселелердің бірі деп саналады. Бұл мәселе тек біздеған емес, шет мемлекеттердің көбінде, тіпті кітап өркениеті дамыған Батыс Еуропа елдерінде де кең етек алып отыр. Кітап адамды өмір сүруге құлышындырады, ақыл-ойын дамытады. Қай жағдайда болмасын адамның ішкі сезіміне әсер ететін қозғауыш күштің бірі ретінде көркем шығармалардың орны бөлек. Сондықтан қазақ әдебиеті сабактарында эпикалық шығармаларды оқыту үдерісінде оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту мәселелері жөніндегі зерттеу еңбектикалық алғашқы тарауы оқырмандық қабілет дамытудың педагогикалық психология мен оқыту әдістемесі ғылымдары бойынша зерттелу жайын, бұл мәселенің педагогикалық психологиялық негіздерін, оқырмандықта тәрбиелеудің жоғарғы сыныптықтарға әдеби білім берудегі маңызды мәселе екендігін, сонымен бірге, әдебиет сабактарындағы сыныптан тыс оку, тіл дамыту жұмыстарының да шәкірттің

оқырмандық қабілетін дамытуда елеулі рөл атқаратындығын ғылыми-теориялық түрғыда қарастыруға арналды.

Жоғары сынып оқушыларының оқырмандық қабілетін дамыту мәселесінің зерттелу жайына арналған тақырыпта аталған мәселенің алғаш зерттеле бастаған кезеңінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік бағыттағы зерттеу еңбектерге талдау жасалып, олардың негізгілеріне сипаттама берілді. Осы тақырыпты зерттеу нысанына айналдырған зерттеушілердің мақсатына, қол жеткізген нәтижелерінің мәнманзызына баға беріліп, оқырмандық қабілетті дамыту мәселесінің педагогикалық психология мен оқыту әдістемесі ғылымдары бойынша зерттелуінің қазіргі бағыттары мен оның бүгінгі күнгі жайы әңгіме өзегіне айналды [6, Б. 125].

Жоғарғы сыныпта эпикалық шығармаларды оқытуда оқушылардың оқырмандық қабілетін дамытудың психологиялық негіздері – оқушы оқырмандардың танымдық іс-әрекеттерін қамтамасыз етудегі қозғауши күш ретінде зерделенеді. Оқырмандық іс-әрекет педагогикалық-психологиялық құбылыс болғандықтан, аталған ғалымдардың оқу-әдістемелік арналары оқушының оқырмандық әлеуетін дамытудағы маңызды мәселе ретінде қарастырылады.

Сондықтан мұғалім мына бағыттарда жұмыс жүргізгені аbeits:

1. Қазақ әдебиеті сабактарында эпикалық шығармаларды оқып-үйренуде шәкірттердің оқырмандық қабілетін дамыту мақсатындағы берілетін білім көлемі, әдістемелік іс-әрекеттердің тиімділігі оқушылардың жас ерекшелігіне қойылатын талаптарға сай болуы қажет.

2. Жоғарғы буындағы оқушылардың көркем шығарманы шығармашылықпен қабылдаудың терендету үшін олардың бейімділік қабілеттерін айқындайтын психикалық әрекеттерін (қажеттілік, тілек, қызығушылық) тәрбиелеуге жеткілікті түрде назар аударылуы керек.

3. Оқушы бойындағы психикалық әрекеттердің нақты шығармаларды оқытып-үйрету арқылы дамытуда олардың әдеби білімі мен қабілетін дамыту мақсаты қойылуы қажет.

Әдеби шығарманы шығармашылықпен оқытып-үйретуде тіл дамыту және сыныптан тыс жұмыстардың жоғарғы сынып оқушыларының тіліндегі образдылық, мәнерлілік сапаларын қалыптастыруға зор ықпал ететіндігіне көніл бөлініп, нақтылы әдістемелік ұсыныстар берілді. Мектепте филологиялық білім беру мәселесі – соңғы жылдары әдістеме ғылымының жаңа көзқарас, жаңа түрғыда қарастырылып жүргенен өзекті мәселелердің бірі болғандықтан оқушыларға берілетін әдеби білім мазмұны мемлекеттік стандартқа сай балаға өмірлік қажеттілік ретінде айқындалуы тиіс.

Қорыта айтқанда, жоғарғы сынып оқушыларының оқырмандық қабілетін дамыта отырып, әдеби білім беру ісі, тұластай алғанда, олардың адамгершілік сапалары мен эстетикалық таным-талғамын, қоршаған ортаға, өмірге шығармашылық көзқарасын, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ерекше әсер ететін аса қажетті де маңызды жұмыс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: оқу құралы. – Алматы: Сана, 1995. – 352 б.
2. Сманов Б.Ә., Сүлейменова Қ.Қ. Қазақ мектебінде оқушылардың оқырмандық қабілетін қалыптастыру // Место литературы и педагогики в эпоху глобализации: Международная научно-практическая конференция, посвященная 60-летнему юбилею доктора педагогических наук, профессора Абдыкерима Муратова. – Бишкек, 2017. – №1.– С.15.
3. Ақшолақов Т.Қ. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1993. – 192 б.

4. Молдавская Н.Д. Изучение языка художественных произведений в 10-классе. – М.: Педагогика, 1955. – 74 с.
5. Рубинштейн М.М. Воспитание читательских интересов школьников. – М., 1950. – С. 98-99
6. Дәүлебекова Ж.Т. Жалпы орта білім беретін мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.док. ... дис.:13.00.02. – Алматы, 2008. – Б. 125-127.

Резюме

Эта статья посвящена содержательно-структурной модели развития читательских способностей старшеклассников. В заключение, развивая читательские способности старшеклассников, литературное образование является важнейшей и важной работой, которая в целом способствует формированию их нравственных качеств и эстетического мышления, творческого отношения к окружающей среде, жизни, гражданской позиции.

Summary

This article is devoted to the content-structural model of development of reading abilities of high school students. In conclusion, developing the reading abilities of high school students, literary education is an important and important work that generally contributes to the formation of their moral qualities and aesthetic thinking, creative attitude to the environment, life, and civic position.

ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ «ІСКЕР ЭЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІН ҚАЛЫПТАСТАРЫШЫ КОГНИТИВТІ СТЕРЕОТИПТЕР

Шамишева Д.С.

«Іскер әйел» концептісі лингвомәдени концептілердің ең маңыздысы болып табылады, өйткені заманауи іскер әйел жайлы орыс және европа мәдениетін иеленушілердің көзқарасын сипаттайтыны. Заманауи медиамәтіндерде «іскер әйел» концептісінің құрылымы мен мазмұнын зерттеу үшін бізге когнитивті стереотипті концептіні лингвокогнитивті сипаттаудың операциондық бірлігі ретінде түсіну өзекті етіп көрсетіледі. Зерттеу материалы ретінде іскер әйелдерге арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі баспасөз және электрондық басылымдарда басылып шыққан ақпараттық, іскерлік және талдамалы басылымдардың медиамәтіндері қолданылды. Фреймдік үлгілеу мен мәнмәтінді талдау әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: «Іскер әйел» концептісі, лингвомәдени концептілер, заманауи іскер әйел, стереотип.

Заманауи теорияда «стереотип» түсінігі пәнаралық сипатқа ие. Бұл феномен лингвисттермен қатар, социолог, психолог, этнограф еңбектерінде де қарастырылады. Осы терминді кең ғылыми айналымға американцық социолог У.Липпман енгізген болатын. Стереотип – бұл «деректер біздің санамызға жетпей тұрып, сезімдерімізге белгілі бір әсерін тигізетін қоршаган органдың ерекше формасы» [Lippman, 956.]. Стереотип деп «Осы мәдениеттің тілдесу жағдайына қалыпты болатын жергілікті нормативті байланыс түрінде сөздік қатынаста жүзеге асырылатын нақты этномәдениет өкілінің менталды-лингвалды кешенінің әлеуметтік мәдени таңбаланған бірлігін» айтамыз [Прохоров, 98 б.].

Стереотиптер «шынайы әлемнің “типтік” үзіндісінің тұлға санасында жаңғыруының нәтижесі болып табылатын белгіленген менталды “суреттегі” қоршаган болмыс үзінділерінің кейбір “көрінісі”, ғалам бейнесінің нақты қатысушысының әлдебір

инварианты» болып табылады [Красных, 177 – 178 б.]. Біздің зерттеуіміздің аясында «стереотип» түсінігі орыс және неміс тілінің ғалам бейнесіндегі іскер әйелін образын үлгілеуге арналған маңызды құрал ретінде қолданылады.

Стеоретип түсінігі «Когнитивті (менталды) стереотип» түсінігімен тығыз байланысты, өйткені стереотиптер тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, тарихи, табиғи, этникалық, мәдениеттанымдық факторлардың жиынтығымен берілетін белгілі бір негізгі концепттердің «интерпретациясын» білдіреді [Малышева, 24 б.]. Концептуалды ғалам бейнесін түзетін концепттер мәдениет құндылықтары мен мәдениет сөздігінің лексемаларының сәйкестігінде жанама элемент болып табылады [Евсюкова]. Біз концепт деп «адамның ой кодының негізгі бірлігі болатын дискретті менталды білім беруді айтамыз, салыстырмалы түрде бір ретті ішкі құрылымы бар, тұлға мен қоғамның танымдық (когнитивті) іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады, берілген зат не құбылыс жайлы, бұл ақпараттың қоғамдық санадаға интерпретациясы жайлы, қоғамдық сананың осы құбылыс не затқа деген қатынасы жайлы кешенді, энциклопедиялық ақпарат тасиды» [Попова, Стернин, 24 б.].

«Когнитивті (менталды) стереотип - когнитивті деңгейде бұқаралық әдептегі сана тұрғысынан болмыс немесе оның элементі (зат не жағдай) жайлы тұрақты типтелген көрініс ретінде қалыптасады» [Маслова, 109–110 б.]; когнитивті стереотип – бұл «ақпаратты сақтау мен кодтаудың мазмұнды түрі» [Красных, 23 б.]. Е.Г. Малышева белгілеп өткендей «когнитивті стереотиптің негізгі сипаттамаларына жатады: салыстырмалы тұрақтылық, қайталанғыштық, нобайлылық, стандартталу, бірмағыналылық, көпшілікке ортақтылық, бағалауыштық, ұлттық-мәдени өзгешелік» [Малышева, 28 б.]. Көпшілікке ортақтылық – когнитивті стереотиптің ажырамайтын бөлігі, бұл оның ғаламның қарапайым бейнесіне анық қатыстырылығын шарттайтын. В.В.Красных когнитивті стереотиптің екі түрін ажыратады: іс-әрекет стереотиптері мен бейне стереотиптері. Бейне стереотиптері ғаламның қарапайым бейнесіндегі образды (В.В.Красных бойынша көрініс стереотиптерінің бір түрі), яғни «іскер әйел» түсінігін зерттеу үшін өзекті болып табылады. Өз кезегінде көрініс стереотиптері образ стереотиптері (заттар жайлы көріністер) және жағдаят стереотиптері (ситуация) болып бөлінеді. Фрейм қоршаған ортаны қабылдау мен түсінудегі үйымдастыруыш элемент ретінде көрініс береді және стереотипті тілдік көріністің, стереотипті жағдайдың, қоршаған ортаның құбылыстары мен нысандарын елестетуге арналған деректердің когнитивті құрылымы ретінде түсіндіріледі. Фрейм – бұл «кейбір түсінік айналасында үйымдастырылған білім бірлігі, бірақ ассоциацияға қарағанда фрейм осы түсінік үшін мүмкін, маңызды ақпарат тасиды; стереотипті жағдайларды елестетуге арналған деректер құрылымы, әсіресе жадының үлкен көлемін үйымдастыру кезінде [Демьянков, 188 б.]. «Іскер әйел» фреймінің құрылымы заманауи іскер әйелдің типтік белгісін нысандайтын слоттардың жинағы: кәсіби, моральдық-психологиялық қасиеттер, зияткерлік қабілеттер, киім, жас, келбет және т.б. Заманауи іскер әйел образының когнитивті стереотипі қоғамдық санада медиамәтіннің арқасында қалыптасады. «Әлем жайлы ақпараттың іскерлік, кәсіби саласымен қатар, мәдениет пен ойын-сауық саласының дереккөзі болып табылатын БАҚ үнемі заманауи адамзат мәдениетіне, санасына, әлемді қабылдауына әсер етеді, қоғамдық пікірді қалыптастырып, бағыттап отырады» [Ковалевская, 80 б.].

«Іскер әйел» концептісінің фреймдік құрылымы 5 слотты біріктіреді (фреймдік құрылымның менталды түйіндері): мамандық (кәсіби іс-әрекет); келбет; моральдық-психологиялық сипаттамалар; жеке өмір; әлеуметтік және заттық орта. Осы слоттарды толық қарастырып өтейік.

1-слот. Мамандық. Заманауи іскер әйел – бұл жеке бизнесімен айналысадын, кіріс немесе басқа да пайдаға ие болу мақсатында бір іс жүргізетін (отбасылық іс), жауапты қызметте отыратын, әйел-басшы. Когнитивті санада бизнес саласы әлі де ер адамның айрықша құзыреті болып табылады. Іскерлік әлемде коммерциялық, атқарушы, бас директор қызметіне ұмтылуши әйелдер лайықты ұсыныстар ала алмады. Бұл

меншіктенуші ер адамдар оларға басшы қызметтерін ұсынуға дайын еместігімен байланысты. Үлкен бизнесті басқаруышы әйел – бұл шындықтан бұрын тек бірынғай жағдай ғана. Салыстыру үшін мына мысалды ұсынамыз: «Транспорт пен дәстүрлі өнеркәсіп салаларына қарағанда, әйелдер көбінесе коммуникация, қаржы және хай-тек секілді жаңашылдыққа ұмтылатын салаларда жетекші орындарда отырады. “Перспектива” бизнес пен мансапты дамыту бойынша орталықтың бас директоры Наталья Сторожеваның: «Салалар әйелдерге және ер адамдарға болып бөлінеді», - дегенімен келісуге болады: сұлулық салонының директоры – әйел, автосалон иесі – ер адам. Гуманитарлық және әлеуметтік маңызы бар салаларда жұмыс істейтін әйел-жетекшілер қалыпты түрде қабылданады: медицина, білім беру, сұлулық және сән индустриясы, спорт, туризм, қонақ үй бизнесі, жарнама, медиа. Бірақ химия және ауыр өнеркәсібі, мұнайгазды кешен, машинақұрылым, электроника, әкпараттық технологиялар әлі де “ерлер аумағы” болып қабылданады [Фрумкин].

Іскер әйелдер өз кәсіби іс-әрекетін көбінесе шағын және орта бизнесте, сонымен қатар отбасылық бизнесте жүзеге асырады. Мысалы: «В Петербурге, например, доля женщин-предпринимателей по разным данным составляет от 52 до 65 %. “Думаю, женщины в малом бизнесе у нас большинство, – говорит руководитель ассоциации “Деловая петербурженка” Зоя Винниченко. – Парикихерские, кафе, салоны красоты, магазины, образовательные и психологические центры – как правило, ими руководят женщины”» [Беляева].

«Susanne Kazemieh turned her back on the teaching profession to offer an alternative to the strange world of men. She founded her own finance company that was better advised to women than they were used to. Today, almost thirty years later, Kazemieh's “Women's Finance Group” offers individual advice and, according to Kazemieh, has almost 10,000 customers, a fifth of whom are now men» [Steinborn].

«“Жеті рет өлшеп, бір рет кесуді” қалайтын қыз келіншектер бизнесте де әрбір қадамдарын нықтап алғанды жөн санайды. Мұны шағын несие ұйымынан алған қараждат есебінен де байқауға болады. KMF сарапшыларының айтудынша ер азаматтарға қарағанда әйелдер аз сомаға өтінім беріп, оның орнымен жұмсай алады. Атап айтканда орта есеппен алғанда әйелдер 700 мың теңгеге жуық қаржы сұраса, ерлерде бұл сома жұз мыңға артық. Бұл әйелдердің сақтығын анық байқатады» [Атамекен].

Іскер әйел өзінің іс-әрекетінде бірқатар әлеуметтік мәселелерге тап болады: рөлдер жанжалы, бұқаралық сананың патриархат басымдылығымен қалыптасуы.

2-слот. Келбет. Келбет – медиадискурста заманауи іскер әйел образын қалыптастырудың сендірудің әлеуетті факторы. Оған мысал: «В бизнес-среде существуют свои особые коды, по которым даму определяют, как принадлежащую к самому высокому эшелону деловых женщин. Поэтому для тех, кто не научился еще зарабатывать миллион в месяц, но очень хочет, а главное, помнит, что встречают по одежке...» [Ленина, http].

«Welcome to the business world, where appearances play a major role, where the career ladder quickly ends for those who don't stick to the dress codes or who are simply not neat enough - this applies far more to women than to men. "Good looks increase economic success and thus have a positive impact on individual life satisfaction" - shows a study by the research institute on the future of work. Business coach and power analyst Christine Bauer-Jelinek even goes so far as to say that the wrong clothes can mess up your career properly »[Hlinka, http].

3-слот. Моральдық-психологиялық сипаттамалар. Іскер әйел үшін өз «ісінің» өмірде басым болуы, яғни мансабының басым болуы өте маңызды. Заманауи іскер әйел өзінің жоғарғы білімімен, еңбекқорлығымен, табандылығымен, орамдылығымен және біліктілігімен ерекшеленеді. «Іскер әйел ер адаммен жарыспайды және оған ештеңе дәлелдемейді. Ол өздігінен мансабын жасайды және ер адамдармен өзін тен санайды. Әйел өз мансабын басқаруда артықшылықтарға интуициясы мен орамдылығының арқасында ие болады» [Сандаевская, http].

Іскер әйелге өз болмысында ер адам қасиеттерін дамытуға тұра келеді. Оған мысал: «По законам бизнеса, у деловой успешной женщины постепенно развиваются такие мужские черты характера, как напористость, агрессия, резкость, грубость, в основном те черты, которые наблюдаются у мужчин» [Гармония жизни, [http](#)].

«Сіздердің ерен еңбектерініздің арқасында еліне адал қызмет ететін, отбасының отаны бола білетін қазақстандық әйел бейнесі қалыптасты. Бүгінде нәзік жандар мемлекеттік басқару жүйесіне араласып, қоғамның барлық салаларында айтулы табысқа қол жеткізуде. Осындай жоғары жауапкершілік жүктелген әйел адамдарға ең алдымен Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарапынан, жалпы мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп келеді» [Қостанай таңы].

«Women are actually more rational, even though they tend to show factual weakness and emotionality. Women are more conservative, which is equally important» [Dagmar von Taube, [http](#)].

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі заманауи медиамәтіндерін мәнмәтіндік семантикалық талдау нәтижесінде іскер әйелдің келесі орынды сипаттамалары анықталды: орамдылық, төзімділік, табандылық, зияткерлік қабілеттер, біліктілік, көшбасшылық қасиеттер.

4-слот. Жеке өмір. Заманауи қоғамның үрдісіне сәйкес қазір бизнесте жетістікке жетуді қалайтын әйел алдымен мансапқа жетіп, табыс тауып, одан кейін ғана отбасын құруы керек. Оған мысал: «“Іскер әйел” мен “әйел/ана” түсініктеп әр түрлі жазықтықта орналасқан. Әйел үшін ең бастысы – мансап құру. Дегенмен қайсысы сыйлы екені дау тудыруы мүмкін. Философиясы ақша мен атақ болып табылатын гламур дәүірінде біз шынайы құндылықты жоғалтып жатырмыз. Осыдан табиғи емес қарсылық туындаиды: отбасы немесе мансап – “немесе-немесе”. Қазіргі уақытта шынайы зат аз, сондықтан отбасы әр кезде бірінші орында тұруы керек. Ең мансапқор әйелдің өзі де ер адамды кездестіріп, “міне – әке мен нағыз күйеу!” деп түсінген сәтінде өзінің кәсіби болашағын ойлай қоймайтындығына сенімдімін. Шынайы болайық, толыққанды отбасыны құру ептілігі – өте үлкен сәттілік, ал сәттілік әркімге бұйыра бермейді. Нәтижесінде біреулер бизнес-леди болады, ал басқалары отбасылық ошақты сақтайды» [Катина, [http](#)].

"Anyone who has children and wants to pursue a career pays a high price - especially as a woman" [Garsoffky, Sembach, [http](#)].

Осылай іскер әйел жеке өмірінде жалғыз, немесе толық емес отбасыға ие.

5-слот. Әлеуметтік және заттық орта. Сарапанатын концепт киімнің іскерлік стилі, іскерлік сән мен өмір салты жайлы ақпаратты қарастырады. Сәнді киінген бизнес-леди жұмысында да, махаббат пен жеке өмірінде де жетістікке жете алады, көбірек табыс таба алады. Мысалы: «Бизнес салада келбетке қойылатын нақты талаптар бар. Менің ойымша, ауқымды әлеуметке танымал ханымдардың арасынан бұл ережелерге жалпы Валентина Матвиенконың келбеті сәйкес келеді, ол үнемі жинақы және ұқыпты жүреді. Оның бейнесі дәрежесіне сәйкес келеді, ол қатаң іскерлік стильді кербездікпен сәтті сәйкестендіре алады» [Владыкина, [http](#)].

«... женский деловой стиль одежды в Германии отличается своим консерватизмом – особенно по сравнению с Россией или Испанией. Никаких голых плеч и открытой обуви, от края юбки до колена должно оставаться расстояние максимум в ладонь, а высота каблука не должна превышать 6-7 сантиметров, – вот лишь несколько правил [Сосницкая, [http](#)].

“Business fashion for women is complicated: it should look beautiful, but not too overly feminine. It is said to exude an aura of power, but that in turn is not too feminine »[Ahrens, [http](#)].

"Exclusive offices, flights in first class, limousines as rental cars - executives like to use such status symbols" [Tillessen, [http](#)].

Орыс және неміс тілдеріндегі медиадискурсында «іскер әйел» концептін фреймдік үлгілеу заманауи іскер әйел образы нақты белгілердің жинағына ие деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді: кәсіби және моральдық қасиеттер, зияткерлік

қабілеттер, мінез-құлыш, келбет, киім және т.б. Іскер әйел образының құрылымындағы келесі құраушыларды ерекшелеп алуға болады – бұл көрінімді, жеке-тұлғалық және әлеуметтік сипаттамалар.

Іскер әйел – бұл өзінің жеке бизнесін жүргізетін жетекші немесе компаниялар мен қасіпорындарда жалдамалы топ-менеджер ретінде басқаратын бизнес бөлігінің иесі; жеке өмірінде жалғыз не көбінесе толық отбасы құра алмайды; келесі моральдық-психологиялық қасиеттерге ие: табандылық, еңбексүйгіштік, орамдылық, сабырлылық.

Медиамәтіндерде іскер әйел образын құрастыру іскерлік өмір, іскерлік қарым-қатынас саласында әйелдер жайлы стереотиптердің қалыптасуы мен бекітілу процесімен тығыз байланыста жүзеге асады, яғни бұқаралық санада іскер әйел жайлы бекітілетін нақты стандартталған көріністерге негізделеді. Осылайша медиамәтінде іскер әйел образын қалыптастыруға орыс және неміс тілдерінде сөйлеушілердің санасында «іскер әйел» концептісін құрылымдайтын когнитивті стереотиптер айтартықтай әсер етеді.

Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Банки и финансы – деловой интернет-журнал. [Электрондық ресурс] URL: <http://autofinances.ru/idei-dlya-biznesa/979-kak-stat-uspeshnoj-biznesledi-v-rossii.html/>
2. Беляева А. Бизнес на шпильках [Электрондық ресурс] // БалтИнфо. 11.03.2012. URL: <http://novostimb.ru/exclusive/svoi-vzglyad/2012/03/12/biznes-na-shpilkax.html/>
3. Гармония жизни – сайт [Электрондық ресурс] URL: <http://www.garmoniazhizni.com/2013/08/12/kak-delovoy-zhenshhine-izbavitsya-otodinochestva/>
4. Атамекен – сайт [Электрондық ресурс] // URL: <https://atameken.kz/kk/articles/29038-jelder-biznes-bignde>
5. Қостанай таңы – газеті [Электрондық ресурс] // URL: <http://kostanaytany.kz/>
6. Прохоров Ю.Е. Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль в обучении русскому языку иностранцев. М., 1997.
7. Красных В.В. Этнопсихолингвистика и лингвокультурология. М.: Гнозис, 2002.
8. Малышева Е.Г. Русский спортивный дискурс: лингвокогнитивное исследование. М.: Флинта, 2011.
9. Евсюкова Т.В. Словарь культуры как проблема лингвокультурологии / Рост. гос. эконом, ун-т. Ростов н/Д:, 2001.
10. Попова З.Д., Стернин И.А. Семантико-когнитивный анализ языка. Воронеж, 2007.
11. Маслова В. А. Лингвокультурология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: «Академия», 2001.
12. Владыкина Т. Легко ли быть деловой женщиной в России? [Электрондық ресурс]. Российская газета. 23.09.2011. URL: <http://www.rg.ru/2011/09/23/zhenschina.html> (дата обращения: 11.04. 2016).

Резюме

Понятие «деловая женщина» - одно из важнейших лингвокультурологических понятий, так как оно описывает взгляды русской и европейской культуры на современную деловую женщину. Для изучения структуры и содержания концепта «деловая женщина» в современных медиатекстах нам важно понять концепт когнитивного стереотипа как операциональную единицу лингвокогнитивного описания. В качестве материала исследования использованы медийные материалы информационных, деловых и аналитических изданий, опубликованные в печатных и электронных изданиях для деловых женщин на казахском, русском и английском языках. Использовались методы каркасного моделирования и контекстного анализа.

Summary

The concept of "business woman" is one of the most important linguistic and cultural concepts, as it describes the views of Russian and European culture on the modern business woman. To study the structure and content of the concept of "business woman" in modern media texts, it is important for us to understand the concept of a cognitive stereotype as an operational unit of linguo-cognitive description. The research material used media materials from information, business and analytical publications published in print and electronic publications for business women in Kazakh, Russian and English. The methods of wireframe modeling and context analysis were used.

ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА СЕМЬИ И НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

Кабеш Е.,

магистрант 2 курса Академии Кайнар

The article is devoted to the international regulation of the legal protection of families and minors in Kazakhstan, as well as some issues of criminal legal protection.

Keywords: family, minors, law, human rights, education, state protection.

Ценность семьи и ее особая роль в общественном развитии и формировании каждого человека признается мировым сообществом. Имеется ввиду, прежде всего, ч. 3 ст. 16 Всеобщей Декларации прав человека, принятой Генеральной Ассамблеей ООН 10 декабря 1948 г. В ней прямо сказано: семья «имеет право на защиту со стороны общества и государства»[1]. Аналогичный по своему существу тезис содержит п. 1 ст. 10 Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах, ратифицированного СССР 18 ноября 1973 г., следующего содержания: «Семье, являющейся естественной и основной ячейкой общества, должна предоставляться по возможности самая широкая охрана и помощь, в особенности при ее образовании и пока на ее ответственности лежит забота о несамостоятельных детях и их воспитании»[2]. И, наконец, преамбула Конвенции о правах ребенка 1989 г. Обращаем внимание на предоставление семье необходимой защиты и содействия. А также прежде всего - охрана несовершеннолетних от преступных посягательств, и в особенности насильственного характера является обязанностью государства и составляет одно из направлений государственной политики Казахстана в области защиты детства. Государство использует для этого различные, нуждающиеся в совершенствовании инструменты и методы, в том числе и уголовно - правового характера.

В вопросе охраны несовершеннолетних от указанных преступных посягательств важная роль отводится и науке уголовного права. Наличие пробелов, малоизученных или спорных вопросов в общей теории насильственных преступлений, в том числе прикладного характера вызывают необходимость продолжения исследовательской работы по их восполнению и разрешению. В частности, окончательно не решена задача по выработке уголовно-правовых определений понятий «насилие» и «жестокое обращение», закрепленных в рассматриваемых нормах уголовного закона. В поиске решений не следует отказываться и от использования исторического опыта законодателя в борьбе с преступлениями против семьи и несовершеннолетних, совершаемых посредством насилия, а также опыта зарубежных стран Европы, Азиатско-тихоокеанского региона, стран.

Статья 27 Конституции РК предусматривает, что брак и семья, материнство, отцовство и детство находятся под защитой государства. Забота о детях и их воспитание являются естественным правом и обязанностью родителей. Совершеннолетние трудоспособные дети обязаны заботиться о нетрудоспособных родителях. Эти

принципиальные конституционные положения легли в основу уголовно-правовой охраны интересов семьи и несовершеннолетних.

Общественная опасность рассматриваемого преступления заключается как в причинении вреда воспитанию несовершеннолетних, так и в приобщении к преступной деятельности подростков, наиболее подверженных постороннему влиянию.

Непосредственным объектом вовлечения несовершеннолетнего в преступную деятельность является нормальное нравственное, умственное и физическое развитие несовершеннолетних.

Объективная сторона вовлечения несовершеннолетних в преступную деятельность раскрывается при помощи характеристики действий вовлекателя. Понятие «вовлечь» в словаре русского языка означает «побудить, привлечь к участию в чем-нибудь».

Любое вовлечение несовершеннолетних в преступную деятельность — это процесс общения взрослого и несовершеннолетнего. Действия вовлекателя непрерывно направлены на нарушение естественного, нормального развития и существования подростка, ибо возбуждение желания, стремления уже предполагает изменение существующего состояния, статуса индивида.

Под вовлечением несовершеннолетнего в преступную деятельность следует понимать действия, направленные на возбуждение желания, стремления у несовершеннолетнего участвовать в совершении одного или нескольких преступлений. Вовлечение предполагает все виды физического насилия и психического воздействия, например: убеждение (о возможности получения определенных выгод), запугивание (угроза нанесения побоев, разглашение порочащих сведений), подкуп (дача материального вознаграждения), обман (представление ложной информации), возбуждение чувства мести (стимуляция физической расправы), возбуждение зависти или других низменных побуждений (стремление занять престижное положение), предложение совершиТЬ преступление, обещание приобрести или сбыть похищенное, дача советов о месте и способах совершения или сокрытия следов преступления и т.д.

